

ТОҚСАНБАЕВА НҰРГҮЛ ҚОРҒАДЖАНҚЫЗЫ

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
ТҰЛААЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН
АНЫҚТАУҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛЕР

психологиялық — әдістемелік құрал

Тоқсанбаева Н.Қ.

Т21: Мектеп оқушыларының тұлғалық ерекшеліктерін анықтауға психологиялық әдістемелер.

-Алматы: «Таугуль-Принт», 2013. – 43 бет

ISBN 987-601-247-462-6

Психологиялық - әдістемелік құралға кәсіби қабілеттерді анықтауға, мектеп оқушыларының психикалық қасиеттерін зерттеуге арналған әдістемелер және тесттер, жобалау әдістері кірді. Психологиялық - әдістемелік құралы мектеп психологтарына, университет және педколледж студенттеріне ұсынылады. Жоғары оқу орындары мен педагогикалық колледждің студенттеріне, оқытушыларға, психологтарға және басқада оқырмандарға арналған.

УДК159.9
88.4

Т 0303000000
00(11)-13

ISBN

Тоқсанбаева Н.Қ., 2013

978-601-247-462-6

АЛҒЫҢЫЗ

Адами іс-әрекеттің кез келген саласынан ғылым өзінің мақсаттарымен, құралдарымен, себептерімен және шарттарымен ерекшеленеді. Психология ғылымның мақсаты - ақиқаттың мәнін түсіну, ал ақиқаттың мәнін түсіну тәсілі – ғылыми зерттеу әдістемелер.

Психология ғылымында әдістерді келесі топтарға бөліп қарастырамыз:

- 1) бақылау негізіндегі психодиагностикалық әдістер;
- 2) сұрақты психодиагностикалық әдістер;
- 3) объективті психодиагностикалық әдістер, яғни адамның әрекеттік реакцияларын есепке алу және талдау әдістері;
- 4) эксперименттік психодиагностикалық әдістер.

Шын мәнінде, «әдіс» термині кез-келген деңгейге қолданылуы мүмкін. Мысалы, психофизикада орташа қателік әдісі, шектеулер әдісі бар; психодиагностикада – жобалау әдісі; психосемантикада семантикалық дифференциал әдісі және репертуарлық тор әдісі туралы айтады; даму психологиясында психогенетикалық әдісті және оның түрлерін – егіздер әдісін талқылайды.

Бұл ұсынылып отырған психологиялық - әдістемелік құралда мектеп оқушыларының тұлғалық ерекшеліктерін анықтауға арналған.

Бұл кітаптағы барлық әдістемелермен жұмыс жасау үшін бір жүйемен, бір ізбен жасалған. Қысқаша кіріспе мен әдістеме орындауға арналған нұсқаудан соң сіз жауап беретін сұрақтар беріледі. Сосын алынған нәтижелерді қалай есептеу керек екені түсіндіріледі, жинаған ұпайыңызды салыстырып, есептеу үшін «кілт» берілген. Әдістеме соңында психологтың диагнозымен, кеңесімен, ұсыныстарымен таныса аласыз.

Егер сіз өзіңіз туралы шынайы ақпарат алғыңыз келсе, көрсетілген «ереже» бойынша жұмыс істеңіз.

Бірінші ереже. Әдістеме соңындағы жауаптардың кілтін көріп алып, өзіңізді алдауға асықпаңыз. «әлеуметтік қалауды» феноменін ұмытпаңыз.

Екінші ереже. Нұсқауды мұқият оқыңыз. Сұраққа жауап берерде, оның мәнін мүмкіндігінше дұрыс түсінуге тырысыңыз.

Үшінші ереже. Шынайы болыңыз! Өзін-өзі тестілеудің қорытындысын Сізден басқа ешкім білмейді ғой. Өзіңізді алдаудың қажеті қанша? Біздің санамыздың психологиялық «қақпандарын», «қулықтарын» да ұмытпаңыз!

Төртінші ереже. Психологиялық диагнозбен танысқан соң, өзі-өзі тестілеудің алтын ережесіне сәйкес: кез келген әдістеменің қорытындысына сын көзбеу қарау керек деген қағиданы есте ұстаңыз. Көп жағдайда оған юмормен қараңыз. «Жақсы» - нәтижеге қуанып, «нашарына» - налымаңыз.

Бесінші ереже. Өзіңізді бақылау үшін сізді жақсы танытын жақын адамыңызға Сіз үшін жауап беріп көруін өтінізіз.

Мектеп оқушыларының тұлғалық ерекшеліктерін анықтауға психологиялық зерттеу әдістері психология ғылымының гносеологиялық нысандарымен, операциялар жүйесі болып табылады.